

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Дайындық орталығы
Оқу-әдістемелік комитет кеңесінің
№10 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

27.06.2025 ж.

Қатысқандар: Х.Четин, Б.Айтбаев, А.Бегділла, А.Мырзаханова, Б.У.Атикол,
 Р.Шафигулина, Ү.Ыбыраева, М.Шайхыстамова, Ш.Хамидова, Н.Эргашева

Қатыспағандар: -**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. 2024-2025 оқу жылының қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау.
 (Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев)
2. Орталық ОӘК-нің 2024-2025 оқу жылының есебін талқылау, бекітуге ұсыну.
 (ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)
3. 2025-2026 оқу жылына арналған орталық ОӘК жұмыс жоспары жобасын талқылау.
 (ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)
4. Әртүрлі мәселелер (ОӘК мүшелері)

ТЫНДАЛДЫ:

1. 2024-2025 оқу жылының тыңдаушылардың қорытынды аттестаттау (B1 деңгейі) нәтижелерін талдау бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев 2024-2025 оқу жылында орталықтың оқу үдерісінде өзгерістер болуына орай, ережеге сай пәндер бойынша B1 деңгейінде ағымдық емтихан алынғандығын атап өтті. Ереже бойынша тіл үйретуге бағытталғандықтан 4 тілдік дағды негізінде (тыңдалым, сөйленім, жазылым, оқылым) емтихан сұрақтары дайындалып, әр дағды бойынша тапсырмалар берілгендігін айта кетті. Практикалық сабақтар да аталған 4 дағды негізінде өтілетіндігін ескерте келе, тыңдаушылар үшін B1 деңгейіндегі қалыпты жағдай екендігін атап өтті. Емтихан нәтижесі бойынша I поток: 5 апта қазақ тілінен 1 топ, түрік тілінен 2 топ, ағылшын тілінен 1 топ, II поток: ағылшын тілінен 2 топ, түрік тілінен 2 тыңдаушы B1 деңгейіне қайта отырғызылғандығын атап өтті.

Орталық директоры А.Зөхре B1 деңгейіне қайта отырғызылған тыңдаушылармен практикалық сабақтардың жоғары деңгейде жүргізілуін бөлім басшыларына, қадағалауды оқу ісі жөніндегі орынбасарына тапсырды.

ШЕШІМ: 1. B1 деңгейіне қайта отырғызылған тыңдаушылармен практикалық сабақтар жоғары деңгейде жүргізілуі назарға алынсын. (Жауаптылар: бөлім басшылары, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев)

2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша бөлімдерден алынған оқу-әдістемелік есептерді қорытындылай келе, ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева жалпы орталықтың ОӘК жұмыстарының есебін баяндады: «Есеп бойынша 9 ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақ, 11 оқу-әдістемелік семинар, өзара сабаққа қатысу саны – 35. Сонымен қатар, 5 оқу құралы (профессор Қ.Қадашева, п.ғ.к., аға оқытушы А.Мырзаханова, оқытушылар Б.Айтбаевтардың «Рухани қала - Түркістан» Бейнефильм және А1: жасанды интеллекті көмекшілеріне негізделген оқу құралы, А.Мырзаханованың «Көркем мәтінді оқыту әдістемесі (туыс тілде сөйлейтіндер үшін)» атты оқу құралы, А.Әйтім, С.Жұматаева, Л.Райхановалардың «Лексикография: оқу сөздігі» атты оқу құралы, С.Джалетова, Г.Мұсабекованың Филология факультеті Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы ф.ғ.к., доцент А.Байтуовамен бірге дайындаған «Русский язык: Элементарный уровень А1 для иностранной аудитории», «Русский язык: Базовый уровень А2 для иностранной аудитории» атты оқу құралдары,) университеттің ОӘК мен Сенат мәжілісінің күн тәртібінде қаралып, мақұлданды, 2 оқу-әдістемелік құрал (Түрік тілі бөлімінің оқытушылары М.Кочак пен Н.Ирисбекованың Халықаралық меймандостық және туризм университетінің аға оқытушысы Д.Балтабаевамен бірге дайындаған «Түрікше-қазақша-өзбекше тақырыптық сөздік» атты оқу-әдістемелік құралы, аға оқытушылар М.Абдулханова, Ғ.Әкімтаева, Қ.Сырбаева, Ү.Ыбыраевалардың «Кәсіби қазақ тілі: филология

мамандығы бағытына арналған» оқу-әдістемелік құралы) университеттің Оқу-әдістемелік комитетінде бекітілді, 2 электронды оқулық (профессор Қ.Қадашева, п.ғ.к., аға оқытушы А.Мырзаханова, аға оқытушылар Ж.Садуова, Е.Толежанов, оқытушылар Б.Айтбаев, М.Шайхыстамовалардың «Қазақ тілі туыс тіл ретінде А1», «Қазақ тілі туыс тіл ретінде А2» атты ЖИ негізінде жасалған электронды оқулықтары) патент алды. Біліктілік арттыру бағытында Назарбаев университеті тарапынан Назарбаев университеті Қазақ тілі және Түркітану департаментінің қауымдастырылған профессоры З.Жұматаеваның лекторлығымен университет кампусында өткізілген «Тіл оқыту мен зерттеу жұмыстарында жасанды интеллект негізіндегі цифрлық технологияларды қолдану әдістемесі» атты отандық және шетелдік тәжірибелерге негізделген 72 сағат сағат көлеміндегі біліктілік арттыру курсынан орталық ОПҚ біліктілік арттырды. Оған қоса университетіміздің Біліктілік арттыру орталығының ұйымдастыруымен орталық оқытушылары кезең-кезеңімен Инклюзивті білім беру бойынша біліктілік арттырды».

ШЕШІМ: 2. Орталық ОӘК жұмыстарының жылдық есебі бекітілсін. (Жауапты: ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

3. Келесі кезекте орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева бөлімдердің 2025-2026 оқу жылына оқу-әдістемелік жоспарлары жасалып, алынған мәліметтерге сүйене отырып, орталықтың 2025-2026 оқу жылына арналған ОӘК жоспарының жобасына енгізгендігін айтып өтті. Сонымен қатар, бөлім басшылары бөлімдердің ғылым, тәрбие, индикативті жоспарларының жобасын ортаға салды. Мәліметтермен танысқан ОӘК мүшелері аталған жоспарлармен келісетіндіктерін білдірді.

ШЕШІМ: 3. 2025-2026 оқу жылына арналған орталық ОӘК жұмыс жоспарының жобасы назарға алынсын. (ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

4. Келесі кезекте орталық орталық директорының м.а. Х.Четин ОӘК мүшелерін 2024-2025 жаңа оқу жылының жемісті аяқталуымен құттықтай келе, кезекті еңбек демалысын сәтті өткізіп, алдағы оқу жылына тың идеялар мен табыс тіледі. Сонымен қатар, 2025-2026 оқу жылына алғашқы мәселе - орталықтың ОӘК құрамы мен жұмыс жоспарын талқылап, бекітуге ұсыну екендігін айта келе, орталықтың ОӘК жұмыстарына жауапты тұлғалар біліктілік, қабілет ерекшеліктеріне сай тағайындалу керектігін ескертіп өтті.

ШЕШІМ: 4. 2025-2026 оқу жылына орталықтың ОӘК жұмыстарына жауапты тұлғалар біліктілік, қабілет ерекшеліктеріне сай тағайындалуы назарға алынсын. (ОӘК мүшелері)

Орталық директорының м.а.:

Орталық ОӘК төрағасы:

